

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников:

1. Джекшенкулов А. Новые независимые государства Центральной Азии в мировом сообществе. – М., 2000. – С. 70.
2. Шерьязданова К. Г. Современные интеграционные процессы: учебное пособие. – Астана: Академия гос. упр. при Президенте РК, 2010. –107 с.
3. Интеграционный Комитет ЕАЭС - Итоговые материалы 15-го заседания Совета по транспортной политике при Интеграционном Комитете ЕврАзЭС. 2 декабря 2014.

УДК 338.246

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Кусаинова Шолпан Асанкызы

sholpan_0303@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан,
Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - аға оқытушы Жамиева А.Е.

Кез-келген елдің мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару жүйесінде бюджеттік реттеудің белгілі бір моделін іс жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылымға өте маңызды роль бөлінеді. Оның басты міндеттерінің аясына, ең алдымен бюджеттік процесті жоспарлау мен болжау, бюджетаралық қатынастардың тиімді құрылымын қалыптастыру, бюджеттік қаражаттарға қатысты операцияларды жүзеге асыру, олардың мақсатты жұмсалуды бақылау, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру, мемлекеттік қаржыны шоғырландыру және оның барлық түрлерін есепке алу және т.б. 1994 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасында Қаржы Министрлігі жанындағы Қазынашылықтың бас басқармасы құрылды. Бұл, бюджеттік есеп бойынша бюджеттік басқару функциясы, сонымен қатар бюджеттік мекемелер мен қаржылық жүйенің методологиялары берілген бюджеттің орындалуы бойынша бірыңғай орган. Бүгінгі күні, Қазынашылық 16 облыстық, 2 республикалық маңызы бар Астана және Алматы қазынашылық Департаменттерінен, 187 аудандық және қалалық және орталық аппараттан тұрады.

Қазынашылық комитетінің Орталық аппараты 14 Басқармадан тұрады. Жұмысты тиімді ұйымдастыру мақсатында, Комитет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, республикалық бюджеттің орындалуын, жергілікті бюджеттердің орындалуына қызмет көрсету саласында қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді, бюджеттік заңнама нормаларын сақтау мәселелері бойынша аумақтық бөлімшелерді тексеруді іске асырады, сонымен қатар аумақтық бөлімшелердің белгіленген тәртіппен тағайындалған функцияларын тиісті түрде орындауларын бақылайды. [1, 386 б.]

Қазақстанда бюджеттік реформалар жүргізу, қазынашылықтың әрекеттегі аппараты жүйесін жетілдіруді талап етті. ORACLE бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде жаңа қазынашылық жүйе құрылды. Жүйенің құрамына Басты Кітап, Бюджеттік түсімдерді басқару, Қазынашылық және қаржылық рұқсаттарды беру, Қолма-қол ақшаны басқару, Міндеттемелерді бақылау және басқару, Төлемдерді басқару, Қазынашылық және төлем жүйелері арасындағы интерфейс, Мемлекет тарапынан кепілдік берілген мемлекеттік қарыз бен несие беруді есепке алу сияқты функционалдық модульдер кіреді. Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік қазынашылықтың қандай да бір «үлгілі» моделі жоқ. Сондықтан қазынашылықты, мемлекеттік басқару органы ретінде қарастырмай, қазынашылық функциялар - мемлекеттік қаржылық ресурстарды басқару функциясы ретінде қарастырған

жөн. [2, 21 б.]

Унитарлы мемлекеттерде (Ұлыбритания, Франция, Жапония және т.б.) орталық және жергілікті - екі бақылау бірлігі бар. Қазақстан Республикасы мен шетелдік унитарлы елдердің қазынашылық модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Қазақстан Республикасы мен шетелдік унитарлы мемлекеттердің қазынашылық модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Мемлекеттер	Қазынашылық үлгісі	Қазынашылықтың негізгі қызметтері	Ақпараттық жүйе
Франция	Мемлекеттік қазынашылық (аумақтық бөлімшелерімен); «Франс – трезор» агенттігі	Қазынашылықтың бірыңғай шоты бойынша түсімдердерді және төлемдерді бақылау, айлар бойынша сырғымалы қаржылық жоспарын дайындау. Мемлекеттік қарызды басқару. Бағалы қағаздардың шығарылуын бақылау.	Мемлекеттік қаржылық ақпарат жүйесі: бюджетті дайындау, бюджеттік құжаттарды жариялау және бюджетті орындау.
Жапония	Қаржы министрлігінде: Борышты басқару бөлімі, қазынашылық бөлімі, қаржы бөлімі	Күндер бойынша бөлінген қаржы жоспарын дайындау. Жапония Банкінде мемлекеттік шотының түсімдерін бақылау. Бюджеттің атқарылуы бөлімі бекіткен төлем кестесі негізінде қаражатты жұмсау.	1-ші - Жапонияның ҚМ деңгейінде; 2-ші – салалық министрліктер деңгейінде. Бюджетті дайындау, құжаттарды жариялау, бюджеттің атқарылуын және бухгалтерлік есеп жүргізу үшін пайдаланылады.
Қазақстан	ҚР Қазынашылық комитеті мен Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшелері	Міндеттемелер мен төлемдер бойынша шоғырландырылған қаржыландыру жоспарларын дайындау. Бюджеттің кассалық орындалуын жүзеге асыру. Бюджеттік қаражат қозғалысы бойынша операцияларды бақылау және есепке алу. Мемлекеттік қарыз бойынша операцияларды есепке алады.	«Қазынашылық - Клиент»: автоматтандырылған қазынашылық жүйесі: қаржыландыру жоспарын құру, міндеттемелерді есепке алу, өтініштерді, қаржыландыру бойынша электронды құжаттар, шарттарды тіркеу.

Осылайша, шет елдердің қазынашылық жүйелерінің модельдерін талдау, қазынашылықтың қаржы жүйесі мен бюджеттік ағындарды басқаруға белсенді қатысатынын көрсетеді. Ұлттық қазынашылықты ұйымдастыру әдістерінде ешқандай іргелі айырмашылық жоқ екені анық.

Федералды мемлекеттерге қарағанда, унитарлық мемлекеттер үшін, мемлекеттік қаржыны басқаруда екі деңгейлі жүйе тән. Қазынашылықтың қызметін реттейтін заңнамалық база, заңнамалық және заңға тәуелді актілер деп бөлінеді. Қазынашылықтың қызметін реттейтін негізгі заң, Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі болып табылады. Қазақстан Республикасының қазынашылық жүйесін құру және дамыту кезеңдер бойынша жүргізілген, олардың сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының қазынашылық жүйесінің құрылу және даму кезеңдерінің сипаттамасы

Кезең	Мақсат	Қол жеткен нәтижелері
-------	--------	-----------------------

1991–1993 жж.	ҚР мемлекеттік қаржыларын басқару бойынша құқықтық – нормативтік базасын жасау	17.12.1991 ж. «Бюджеттік жүйе туралы» заң қабылданды, бюджетаралық өзарақатынастардың негізгі қағидаттары тұжырымдалды
1994–1997 жж.	Бюджеттік жүйені реформалау	24.12.1996 ж «Бюджеттік жүйе туралы» екінші заң қабылданды. Жаңа бюджет сыныптамасы әзірленді және енгізілді. Бас қазынашылық басқармасы құрылды.
1998–2007 жж.	Бюджеттік қатынастарды оңтайландыру. Қазынашылық жүйені жетілдіру	Республикалық және жергілікті бюджеттер арасында қаражаттарды жұмсау бағыттарын шектеу. ҚР ҚМ Қазынашылық комитетін және аумақтық органдарды құру. Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін енгізу
2008–2013 жж.	Мемлекеттік мекемелермен электронды құжат айналымы жүйесін құру және жетілдіру	04.12.2008 ж. «Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі» қабылданды. 31 мамыр 2011 жылы «Қазынашылық–Клиент» ақпараттық жүйесі енгізілді.

Қазіргі уақытта қазынашылық жүйесінде 15 мыңға жуық мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетіледі, 3 мыңға жуық қазынашылық жүйені пайдаланушылар нақты уақыт режимінде қазынашылықтың ақпараттық жүйесінде мемлекеттік бюджеттің қаражаттарын қабылдау және жұмсау операцияларын орындайды. Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығынан күн сайын орта есеппен 30 мың түсім түседі. Айдың соңында бұл көрсеткіштер екі есе артады, себебі осы кезеңде мемлекеттік мекемелердің негізгі төлемдері жүргізіледі. Бюджеттің атқарылу рәсімдерінің маңыздылығын ескере отырып, қазынашылықтың тікелей міндеті, жүйенің өнімділігіне жүктеме артқан кезде әрбір қаржы операциясының уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, қазынашылықтың функционалдық міндеттеріне қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын ашу, жүргізу және жабу, сондай-ақ үкіметтік қарыздарға қызмет көрсету жатады. [3, б. 72]

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол бақылау шотына (ҚБШ) –занды тұлғалардың - мұнай секторы ұйымдарының салық төлемдері, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар өндіріп салатын айыппұлдар мен өсімдер және жазапұлдар түседі. Салықтық емес түсімдер ретінде ҚБШ-ға ауыл шаруашылығы мақсатында сатылған жер учаскелерінің сату қаражаты түседі. ҚБШ шотынан мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне қажетті ақша аударымдары жүзеге асырылады. 3-кестеде 2013 – 2015 жылдар аралығында ҚБШ ақша қаражаты қозғалысының талдауы ұсынылған.

Кесте 3 – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол бақылау шотының ақша қаражаты қозғалысының талдауы

Ерекшелігі	2013 жыл сома, млн. тенге	2014 жыл сома, млн. тенге	2015 жыл сома, млн. тенге	Өсу қарқыны	
				2013 ж. 2014 ж.	2014 ж. 2015 ж.
Кезең басындағы жалпы қаражат	10 446 538	13 026 107	16 429 299	125	103,1
Жалпы түсім	3 991 604	5 366 850	7 297 923	134,5	135,9
Қолданылды	1 412 035	1 963 658	2 468 570	139,1	125,7
Кезең соңындағы жалпы қаражат	13 026 107	16 429 299	21 258 652	126,1	129,4

ҚР Қаржы Министрлігінің 2011-2015 ж. Стратегиялық жоспарында қазынашылық жүйенің қызмет ету мәселелері мен дамыту перспективалары қарастырылды. Қазіргі кезеңде жүйенің басты мәселелеріне: трафиктің өсуі мен ақпараттық жүйенің өнімділігіне жүктеменің көбеюіне байланысты құжаттарды өңдеу және есептілік нысандарын беруде мерзімдердің бұзылуы, электронды мемлекеттік сатып алудың төмен деңгейінің үлесі, мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі қаржылық бұзушылықтар. Қаржы министрлігінің стратегиялық жоспарына сәйкес қазынашылық жүйені дамытудың болашақ мақсаттары - бұл: қазынашылықтың ақпараттық жүйесін жетілдіру, мемлекеттік сатып алу

процесінің тиімділігін арттыру және оңтайландыру, мемлекеттік бюджеттің қаражатын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу.[4,б. 54]

Бүгінде, көптеген сарапшылар тарапынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ішінде Қазақстанда қазіргі қазынашылықтың біріктірілген акпараттық үздік жүйесі қалыптасқаны танылады. Қазынашылықты жетілдіру жобасы, ТМД елдері, Қытай, Словакия, Палестина, Моңғолия, АҚШ және Болгария елдерінің жоба жетекшілері, ХВҚ мен Дүниежүзілік банк сарапшылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. 2009 жылы Дүниежүзілік банкі Орталық және Шығыс Еуропа мен Азия мемлекеттерінің қазынашылық қызметтеріне талдау жүргізді. Талдау көптеген параметрлер бойынша жүргізіліп, нәтижесінде жоғары баға Қазақстанның Қазынашылығына берілді. Дүниежүзілік банкі сарапшыларының пікірінше, Қазақстанның қазынашылығы Түркиядан кейін екінші орынды алған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мельников В. Д. Финансы: учебник для вузов. - Алматы: Экономика, 2014. - 661 б.
2. Прокофьев С. Казначейская система исполнения бюджета // Финансы. – № 6. – 2012 – б. 21–23
3. Пивторак Ю. Ф. Казначейская система Франции // Финансы. –2012. – № 3. – б. 72 – 73
4. Стегайло И. В. Информационный механизм казначейской системы исполнения бюджета в РК // Вестник ИнЕУ. - 2014. - N1. - б. 54-58

УДК 353:342

КОРРУПЦИЯ КАК ОСНОВНАЯ ПРОБЛЕМА РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

Кайратулы Асхат

rk.kairatuly@gmail.com

студент 2 курса специальности «Финансы»

Экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.э.н., профессор Сембиева Л.М.

Президент Республики Казахстан Назарбаев Н.А. отметил, что коррупция угрожает развитию нашего государства, его экономическому росту и политической стабильности.

Лауреат Нобелевской премии, доктор Оскар Ариас Санчез определил, что коррупция всегда будет процветать во мраке тоталитаризма, авторитаризма и диктатуры - режимов, ограничивающих власть в руках нескольких никому не подотчетных лиц. По определению, абсолютизм и диктатура ограничены меньшими этическими требованиями, чем демократия. При тоталитарных режимах коррупция часто напрямую связана с нарушениями прав человека. В Латинской Америке многие диктаторы годами оправдывали свое правление, ссылаясь на коррумпированные режимы недавнего прошлого. Эти самые диктатуры часто были лишь фасадом для воров и казнокрадов. И в каждом из этих случаев граждане и журналисты были лишены законных рычагов разоблачения бесцеремонности и коррумпированности своего правительства посредством компетентной и заслуживающей доверия юридической системы. В то же самое время коррупцию лучше всего изобличать, а также вести с ней борьбу при демократии. Коррупцию можно изучить и искоренить в среде плюрализма, терпимости, свободы слова и личной безопасности - среде, которую гарантирует только демократия.

Сегодня во всем мире приобрело широкое распространение такое понятия, как коррупция. В связи с увеличившимися фактами коррупции во всем мире приобрела актуальность тема борьбы с коррупцией, перед государствами встали такие вопросы, «что такое коррупция?» какими методами бороться, «как победить коррупцию?» рамках такого